



QAZAQ

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

UNIVERSITETI



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№46 (1912) 16 ЖЕЛТОҚСАН 2023 ЖЫЛ

Тәуелсіздік тұғырын нығайту – ортақ міндет

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, қызметкерлері және студенттері!

Сіздерді еліміздің ең басты мерекесі – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тәуелсіздік – мемлекеттігіміздің алтын діңгегі, дербестігіміздің берік негізі. Тарихы бай, тамыры терең Қазақ елі үшін бұдан асқан қастерлі құндылық жоқ. Егемен елімізді одан әрі дамыту – алдымызда тұрған басты міндет. Біз осы жолда аянбай еңбек етуіміз қажет. Сонда ғана Қазақстан қуатты мемлекетке айналады», – деп атап өткен болатын.

«Азаттық – елдің мұраты, абырой – ердің мұраты» дейді дана халқымыз.



Тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтып, мемлекетіміздің абырой-беделін биіктерге көтеру – бәрімізге ортақ міндет. Әділетті қоғам қалыптастырып, жаңа Қазақстан құруда әрқайсымыздың елеулі үлесіміз болуы тиіс. Дамудың кілті – білім мен ғылымда. Бұл жолда оқытушы-профессорларға, ғылыми қауымдастық мүшелеріне жүктелетін жауапкершілік зор. Мемлекет бәсекеге қабілетті жастарға, өз кәсібін жетік меңгерген кәсіби мамандарға, білікті ғалымдарға үлкен сенім артады. Осы сенім

үдесінен шығып, межелі белестерді бірге бағындырып, ұлы мақсаттарға бірге жетейік.

Баршаңызға мықты денсаулық, құт-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Еліміздің іргесі бүтін болып, Қазақ елі өркендей берсін. Мемлекетіміздің қасиетті, тұғырлы мерекесі – Тәуелсіздік күні құтты болсын!

Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ
Басқарма Төрағасы –
Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Қытай университеттерінің көрмесі өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қытай университеттерінің көрмесі өтті. Шараны ҚазҰУ мен ҚХР стипендиялық кеңесі және Алматы қаласындағы ҚХР бас консулдығы ұйымдастырды.



Көрмеде Қытайдың 45-ке жуық ең үздік университеті академиялық қызметі туралы ақпарат беріп, ғылыми жетіс-

тіктерімен бөлісті. Сондай-ақ білім алушы жастарға халықаралық бағдарламалар арқылы оқуға түсу мүмкіндікте-

рін таныстырып, қабылдау ережелерін түсіндірді.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әрқайсысы 1060 орындық, жалпы 3180 орынға арналған заманауи үш жатақхана құрылысының іргетасын қалау рәсімі өтті. ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңі аясында салынғалы жатқан жатақханалар 2024 жылдың күзінде аяқталады деп жоспарлануда.

Үш жатақхананың құрылысы басталды



Тоғыз қабатты үш жатақхананың жалпы ауданы 49 703,94 шаршы метрді, алғимаратты салуға бөлінген аумақ 1,24 гектарды құрайды. Студенттер үйінің әр қабатында заманауи оқу залдары, демалыс орындары, асхана, кофехана, спортзал, тұрмыстық бөлмелер қарастырылған. 70 шаршы метрлік

толықанды жабдықталған бір бөлме төрт адамға арналған.

Оның ішінде үш жатақханада инклюзивті білім беру талаптарын орындау мақсатында мүмкіндігі шектеулі білім алушы жастарға арнайы 132 төсек-орын қарастырылған.

Жалғасы 2-бетте

ҚазҰУ үздіктер қатарында

QS Sustainability Rankings халықаралық рейтингінің қорытындысы бойынша ҚазҰУ әлемдегі үздік 500 университет санатына қосылды.



«Басқару моделі» индикаторы бойынша университет қазақстандық жоғары оқу орындары арасында ең жоғары нәтиже көрсетіп, әлемнің үздік 200 ЖОО қатарына енді.

Биыл алғаш рет өткен рейтингте ҚазҰУ 95 мемлекет пен аймақ бақ сынаған әлемнің 1397 университеті арасында 447-орынды иеленді.

QS Sustainability – университеттердің білім беру және ғылыми зерттеу орталықтары ретіндегі әлеуметтік және экологиялық әсерін бағалайды.

Рейтинг әдіснамасына үш индикатор бойынша көрсеткіштер енгізілді: «Қоршаған ортаға әсер ету» (тұрақтылық, білім беру, зерттеу) – 45%, «Әлеуметтік әсер» (тең жағдай жасау, білім алмасу, білім беру және ғылыми қызметтің тиімді әсері, түлектерді жұмысқа орналастыру, денсаулық және әл-ауқат) – 45%, басқару моделі – 10%.

Университет жетістігі ҚазҰУ-дың БҰҰ-ның Тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының жаһандық хабы ретіндегі белсенді қызметімен байланысты.

Конференция
әдебиеттану
мәселелеріне
арналды

2 >>>



КАЛКАМАН
ЖУМАГУЛОВ:
58 лет я связан
с родным
Alma Mater

4 >>>



Дәуір және
тұлға

5 >>>

Қытай университеттерінің көрмесі өтті



Соңы. Басы 1-бетте

Көрменің ашылуына ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмет-Заки, Қытай стипендиялық кеңесі бас хатшысының орынбасары Тьян Лулу, ҚХР-дың Алматыдағы бас консулы Цзян Вей, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚазҰУ Директорлар кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми, Қытай және Қазақстан ЖОО-ларының басшылары мен білім алушы жастар қатысты.

ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын жеткізіп, шараның табысты өтуіне тілектестік білдірді. «Қазақстан мен Қытай мемлекетаралық тығыз қарым-қатынас пен халықаралық байланыстың жаңа деңгейіне қадам басты. Мемлекет басшысы ағымдағы жылы Қытайға екі рет ресми сапармен барып, бірқатар келісімдерге қол жеткізді. Президент өз сөзінде атап өткендей, бүгінгі таңда екі ел арасында ынтымақтастықтың

алтын көпірінің 30 жылдығы басталды. Сауда-саттық, мұнай-газ, көлік-транзит және жоғары технология салаларындағы жан-жақты ықпалдастық артып жатыр. Соның ішінде ғылым және жоғары білім саласында бірлескен инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда», – деді Мәлік Отарбаев.

Өз кезегінде Дархан Ахмет-Заки ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау хатын оқып берді.

Жиында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, Қытай университеттері көрмесінің ҚазҰУ-да өтуі Қазақстанның білім, ғылым саласындағы елеулі оқиға екенін атап өтті. «Қазіргі таңда ҚазҰУ Қытайдың 51 жоғары оқу орнымен серіктестік орнатып, тығыз жұмыс істеуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға ресми сапары аясында оқу ордасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын ашу жөнінде келісімге қол жеткізілді. Ағымдағы жылдың қазан айында атал-

ған филиал ашылып, жұмысын бастады. Мақсат – ғылыми бағытта бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізу, студент даярлау және оқытушылар алмасу. ҚазҰУ Қытай университеттерімен байланысты жандандыруға және нығайтуға бағытталған барлық жұмыстарды жалғастыра береді», – деді ректор Жансейіт Қансейітұлы.

Шара барысында Стипендиялық кеңесі бас хатшысының орынбасары Тьян Лулу Қытай ЖОО-ларының соңғы онжылдықтағы жетістіктерін таныстырды.

Көрменің ашылу салтанатында ҚХР-дың Алматыдағы бас консулы Цзян Вей: «Көрме қазақ жастарына халықаралық бағдарламалар арқылы Қытай университеттеріне оқуға түсуге жол ашады деп санаймын. Биыл «Бір белдеу – бір жол» бастамасына 10 жыл толып отыр. Осы бағдарлама негізінде Қазақстан мен Қытай серіктестігі дамып, түрлі салаларда нәтижелі жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар Қытай университетінің филиалы Қазақстанда алғаш рет ашылуы және Қытай университеттерінің көрмесі тұңғыш рет Қазақстанда өтуі тарихи оқиға деп есептеймін», – деді.

Жиын соңында қатысушылар көрмені аралап, Қытай мен Қазақстан делегациясы шағын құрамда келіссөз жүргізді. Тараптар серіктестікті нығайтуға, білім мен ғылым саласындағы байланыстарды тереңдетуге баса мән бере отырып, екі ел университеттері арасындағы қарым-қатынастың қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын жан-жақты талқылады.

**Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ**

Нұрбектің құттықтауын оқып берді.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев профессор Жанғара Дәдебаевтың ғылыми-педагогикалық жолы қара шаңырақ ҚазҰУ-мен байланысты екенін айтып, ғалымның университеттің дамуына, әдебиеттану ғылымына сіңірген елеулі еңбегіне тоқталды.

«Жанғара Дәдебайұлы 900-ге жуық ғылыми, ғылыми-көпшілік, оқу-әдістемелік еңбектердің авторы. Жеке авторлығымен 36 кітап, тең авторлар ұжымы құрамында 21 оқулық, жинақ, монографиялары жарық көрді.

Көрнекті ғалымның ғылым жолындағы басты тақырыбы – ұлы Абай мен Мұхтар Әуезов шығармашылығы. Осы бағытта көп ізденіп, қазақ әдебиеттану ғылымына, қазақ әдеби сынына өлшеусіз үлес қосты», – деп атап өтті ректор.

Жиын соңында профессор Жанғара Дәдебайұлының «Түрік дүниесінің дүлдүл тұлғалары» жинағы мен ҚазҰУ жанындағы «Қазақ университеті» баспасынан «Фибратты ғұмыр» сериясымен жарық көрген ғалымның ғылыми еңбек жолына арналған кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті.

Алмат ИСАДІЛ



Үш жатақхананың құрылысы басталды

Соңы. Басы 1-бетте

Салтанатты шараға университет басшылығы, ҚазҰУ ардагерлері, инвесторлар, БАҚ өкілдері, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

2022 жылы 1 маусымда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қызметімен танысып, ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңінің бас жоспарына үлкен қолдау білдірген болатын. Ал ағымдағы жылдың 7 қараша күні Мемлекет басшысы білім ордасының Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевты қабылдап, университет қалашығын жаңғырту бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Жаңадан бой көтеретін жатақханалар Президент тапсырмасымен, ҚР Үкіметінің қолдауымен жүзеге асып отыр. Сәуір айында ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров және ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен II кезеңнің басталуына байланысты естелік капсула салынды.

Құрылыстың басталу рәсімінде ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев: «Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Студенттерді жатақханамен

қамтамасыз ету – маңызды мәселе. Бұл түйткілді шешу үшін жоғары оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орнату тәсілін барынша енгізу керек», – деп атап өткен болатын. ҚазҰУ-дың II даму жоспары бойынша қалашықта жалпы 12 жатақхана, 8 оқу корпусы бой көтереді. Басты мақсат – білім алушылар үшін тұрғын-жай тапшылығын қысқарту.

Жаңа жыл қарсаңында төрт оқу корпусы, қаңтар айында 35 мың шаршы метр емхана құрылысы басталады. Медициналық орталықта емхана, медицина және денсаулық сақтау факультеті, стоматология жұмыс істейтін болады. Бұған қоса, қызметкерлерге арналған тұрғын-жай, инновациялық орталық, IT хаб, спорттық-сауықтыру орталығы т.б. ғимараттар салынады.

ҚазҰУ қалашығының II даму жоспары алдағы уақытта кезең-кезеңімен жүзеге асырылмақ. Бұл құрылыс жұмыстары алдағы үш жылға жоспарланып отыр. Алдағы күзде ҚазҰУ 90 жылдығын салтанатты түрде атап өтеді. Бұйыртыса, осы қуанышқа орай, алғашқы жатақхана пайдалануға беріледі», – деді.

Сөз соңында Жансейіт Қансейітұлы жатақхана құрылысының басталғанын ресми жариялап, инвесторлармен бірге студенттер үйінің іргетасын қалады.



Бірлесіп зерттеулер жүргізуге уағдаласты

Әл-Фараби кітапханасында өткен Қытай университеттерінің көрмесі аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қытайдың екі жоғары оқу орнымен әріптестік байланыс пен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Халықаралық келісім негізінде ҚазҰУ Наньцзин өнер университетімен және Ухан спорт университетімен қос дипломдық білім беру бағдарламасын жүзеге асырып, ортақ конференциялар мен симпозиумдар өткізетін болады.

Меморандум академиялық ұтқырлық бағдарламасы бо-

йынша бакалавриат және магистратурада оқитын студенттермен алмасуға, оқытушылар үшін ғылыми тағылымдамадан өтуге, ғылыми бағытта бірлесіп зерттеулер жүргізуге, ғылыми және академиялық еңбектерді бірлесіп басып шығаруға мүмкіндік береді.

Қол қою рәсіміне ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Наньцзин өнер университетінің вице-президенті Ли Тонг және Ухан спорт университетінің президенті Лю Ванган қатысты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Конференция әдебиеттану мәселелеріне арналды



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да көрнекті әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Жанғара Дәдебаевтың 75 жылдық мерейтойына арналған «Профессор Ж.Дәдебаев және әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференция жұмысына ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмет-Заки, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қатысып, көрнекті ғалымның әдебиеттану саласындағы елеулі еңбегін атап өтті.

ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мерейтой иесіне жолдаған арнайы құттықтау хатын табыстап, игі тілегін білдірді. Өз кезегінде ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмет-Заки ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат

Ректор Швейцария елшісімен кездесті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Швейцарияның Қазақстандағы және Тәжікстандағы төтенше және өкілетті елшісі Салман Балмен кездесті.

Жүздесу барысында тараптар серіктестікті дамыту перспективаларын талқылады, атап айтқанда білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударды. ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев құрметті қонақты оқу ордасының жетістіктерімен таныстырып, алдағы жоспарлар туралы ақпарат берді.

Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Швейцарияның үш жоғары оқу орнымен тығыз қарым-қатынас орнатқан. 2023 жылы білім ордасының алты оқытушысы мен үш докторанты Швейцарияда тағылымдамадан өтіп келді.



Ректор Жансейіт Қансейітұлы Салман Балға бірқатар ұсынысын жеткізді. Атап айтқанда: Швейцария университеттерімен бірге ғылыми жобаларды жүзеге асыру, көшбасшылық дәрістер оқу мақсатында профессорларды ҚазҰУ-ға шақыру және Швейцарияның көшбасшы ЖОО-ларымен байланыс орнату.

Швейцарияның Қазақстандағы және Тәжікстандағы төтенше және өкілетті елшісі Салман Бал ілтипат білдіргені үшін университет

басшылығына ризашылығын білдіріп, аталған ұсыныстарды қолдайтынын және алдағы уақытта ҚазҰУ-мен тығыз байланыста жұмыс істейтінін жеткізді.

Елші Салман Бал Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға жұмыс сапары барысында оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамымен және білім алушы жастарымен кездесу өткізіп, көшбасшылық дәріс оқыды.

**Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Ғылыми-инновациялық қызмет жоспарланды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев білім ордасының ғалымдарымен кездесіп, ЖОО-ның ғылыми-инновациялық қызметін одан әрі дамыту жоспарын талқылады.

Жиында ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі департаментінің директоры Жолдас Бөрібаев баяндама жасады. Айта кету керек, бүгінгі таңда ғылыми-зерттеу институтының 100-ден астам ғалымы оқу үрдісіне тартылған. Университеттің 400-ден астам магистранты мен докторанты ҒЗИ-да ғылыми тағылымдамадан өтті. Соңғы жылдары университетте жалпы қаржыландыру көлемі 9 798 млн теңгені құрайтын 349 ғылыми-зерттеу жобасы жүзеге асырылуда. 16 факультетте МФ және МҚБ бойынша 301 ғылыми жоба аясында жұмыс жүргізілуде.

2022 жылы ҚазҰУ-дың үш ғылыми журналы, атап айтқанда «Химия», «Физика», «Математика, механика және информатика» басылымдары Web of Science дерекқорында индекстелген университет басылымдарының тізімін толықтырды. Сонымен қатар ҚазҰУ-дың «Inter-



national Journal of Mathematics and Physics» және «Eurasian Chemico-Technological Journal», «Physical Sciences and Technology» басылымдары Scopus дерекқорымен индекстеледі.

Сондай-ақ департамент директоры өз сөзінде қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) тетіктерін іске асыруға, экономиканың нақты секторына ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін интеграциялауға және енгізуге ықпал ететін бірқатар шараларды атап өтті.

Кездесу барысында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев ғылымның рөлі мен дамуын ерекше назарда ұстау мақсатында факультет декандарына бірқатар тапсырмалар берді. Ректор мақсатқа жету үшін жаңа технологиялар мен зерттеу әдістемелерін енгі-

зу, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру үшін университеттер, ғылыми институттар мен бизнес-сектор арасындағы терең өзара іс-қимылды дамыту, сондай-ақ жас ғалымдарға қолдау көрсету қажет екенін айтты.

Отырыс барысында ғалымдар қаржыландыру, елдер арасындағы білім мен технологиялармен алмасу, сондай-ақ инновациялар мен кәсіпкерлік үшін қолайлы орта құру мәселелерін қозғай отырып, даму жоспарын талқылады. Өтініш берушінің уақытын үнемдейтін және бюрократияны қысқартатын «Бір терезе» қағидаты бойынша ғылыми жобаларды әкімшілендіру тетігін енгізу ұсынылды. Сондай-ақ қатысушылар ғылыми-зерттеу қызметін дамыту мақсатында доцент-зерттеуші лауазымын енгізуді ұсынды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Малайзиядан арнайы делегация жұмыс сапарымен келіп, оқу ордасының басшылығымен кездесті.

Малайзия ЖОО-ларымен байланыс артады

Делегация құрамында Малайзиядағы білім беру жаһандық қызметтер жөніндегі компаниясының директоры Рахиман Ибрахим, Куала-Лумпур университетінің директоры Эида Надирах, Берджай университет-колледжінің директоры Норлела Бахарудин, Малайзия университетінің өкілі Ирсяд Мухаммад, Малайзиядағы білім беру жаһандық қызметтер жөніндегі компанияның аймақтық менеджері Раджа Фариз бар.

Әңгіме барысында тараптар серіктестікті арттыру және академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқытушылар мен студенттер алмасу жұмыстарын жандандыру мәселелерін қарастырды.

Кездесуде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қонақтарды білім ордасының жетістіктерімен таныстырып, алдағы жоспарларымен бөлісті.

«Қазіргі таңда университетте 26 мыңға жуық студент оқиды. Оның ішінде 3000 студент шетелдерден келіп, білім алуға. Алдағы уақытта өзге мемлекеттерден ҚазҰУ-ға түсетін студенттер санын арттыру жоспарда бар. Біздің университет өзінің ғылыми және білім беру қызметін табысты жалғастыруда. Бүгінде оқу ордасының ғалымдары әзірлеген 100-ден аса ғылыми жоба бар. Қазіргі уақытта инновациялық жобаларды коммерцияландыру жұмыстары жүргізілуде. Осы тұрғыда ғылым және білім салалары бойынша Малайзия университеттерімен ынтымақтастықты дамытуда ҚазҰУ-дың мол мүмкіндігі бар», – деді ректор.

Өз кезегінде делегация мүшелері екіжақты қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, серіктестікті одан әрі нығайтуға мүдделі екендіктерін жеткізді.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ



Нүкіс университетінен делегация келді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Ажинияз атындағы Нүкіс мемлекеттік педагогикалық университетінен арнайы делегация келіп, оқу ордасының қызметімен танысты.



Құрметті қонақтар ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевпен кездесіп, қос университет арасындағы қарым-қатынастарды дамытудың жаңа басым бағыттарын қарастырды.

Жүздесуде Жансейіт Түймебаев қонақтарға білім ордасының жетістіктерін таныстырып, алдағы жоспарлармен бөлісті. Ректор екіжақты байланыстың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ ректор оқытушылар мен студент алмасу, тәжірибемен бөлісу, қазақ тілін дамытуда бірлесіп

жұмыс істеу және екі университеттегі факультеттер арасындағы серіктестікті жандандыру қажеттігін атап өтті.

Ажинияз атындағы Нүкіс мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры Рохат Ешмуратов аталған ұсыныстарды қолдайтынын білдірді.

Кездесу барысында білім, ғылым салалары және білім беру бағдарламаларындағы ықпалдастыққа ерекше назар аударылды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Жумагулов Калкаман Турсунович – известный ученый-историк, специалист в области всемирной и отечественной истории, кавалер ордена «Құрмет», почетный академик НАН РК, Почетный профессор Геттингенского университета, Почетный работник образования РК, Почетный гражданин Алматинской области, доктор исторических наук, профессор. В 1972 г. после успешного окончания КазГУ им. С.М. Кирова К.Т.Жумагулов был оставлен на кафедре всеобщей истории. Вот уже 52 лет он неразрывно связан с родным Alma Mater. Накануне 90-летнего юбилея крупнейшего ВУЗа нашей страны КазНУ им. Аль-Фараби и 75-летия газеты «Қазақ университеті» мы попросили одного из корифеев нашего университета, почетного профессора ряда отечественных и зарубежных университетов, академика, директора Республиканского научно-исследовательского центра по изучению Всемирной истории Калкамана Жумагулова поделиться вкратце историей университета, своей профессиональной и научной биографией.



Профессор Калкаман ЖУМАГУЛОВ:

58 лет я связан с родным Alma Mater

– Калкаман Турсунович, скажите пожалуйста, почему Вы избрали в своё время КазГУ и именно специальность историка со знанием иностранного языка?

– Исторический факультет 1960-1970 гг. был одним из самых престижных в КазГУ, куда стремились поступить сотни и тысячи выпускников казахстанских школ. Поэтому конкурс был жестким. Деканат и аудитории исторического факультета располагались на 3-м этаже бывшего главного корпуса КазГУ по ул. Кирова 136 (прежнее здание ЦК и Совмина Каз ССР). Наряду с казахским, русским, специальным отделением студенты обучались также на отделениях философии и политэкономии. Впоследствии они были выделены в два самостоятельных факультета. Уже со 2-го курса я начал специализироваться по кафедре всеобщей истории. На 2-ом курсе, слушая лекции Я.Д.Серовайского, заинтересовался историей западноевропейского средневековья. Наставник записал меня в студенческий научный кружок «medium aevum», члены которого углубляли свои знания по истории средних веков стран Западной Европы, т.е. медиевистике. В 1968 г. меня, единственного студента с исторического факультета, направили на языковую стажировку в ГДР, в Гумбольдтский университет г. Берлина. С пожеланиями успехов напутствовали меня тогдашний ректор КазГУ А.З.Закарин и проректор К.Г.Ахметов. Пребывание в Гумбольдтском университете обогатило мои знания в области иностранного языка и истории. Здесь же я проникся интересом к латинскому языку, который был необходим мне – будущему медиевисту как воздух.

– Какими вопросами исторической науки Вы занимались и занимаетесь сейчас?

– В 1972 г. после успешного окончания спецотделения исторического факультета я был оставлен на преподавательской работе на кафедре всеобщей истории в должности ассистента. Заседание комиссии по распределению проводил сам ректор КазГУ, который пожелал мне успехов в стенах родного университета. И вот уже более 51 года я работаю в стенах своего родного университета, а научной работой занимаюсь все 55 лет. Прошел все ступени научно-педагогической деятельности от ассистента до профессора, декана, заведующего кафедрой, академика. Если учесть и мои студенческие годы – то 58 лет я связан с родным Alma Mater.

В 1983 г. в Москве на заседании Ученого совета при Институте Всеобщей истории АН СССР успешно защитил кандидатскую диссертацию по медиевистике. Далее, продолжая заниматься научной тематикой по истории средневековья применительно к Западной, Центральной и Северной Европе, расширяя и углубляя хронологические рамки, я по прошествии 14 лет в 1997 г. защитил докторскую диссертацию на тему «Основные проблемы развития древнегерманского общества до Великого переселения народов». Таким образом, со студенческих пор занимаюсь проблемами всемирной истории (средний век). Конечно это не исключает моих занятий историей древнего мира, археологией и этнологией, лингвистикой и другими периодами зарубежной истории. Есть много моих публикаций по истории тюркского мира, Центральной Азии и Казахстана.

– Известно, что за значительные успехи и плодотворную деятельность в должности заведующего кафедрой неразрывно в течении 25 лет, решением Ученого совета Вам было присвое-

но звание – «Почетный заведующий кафедрой КазНУ имени Аль-Фараби» и еще дважды избирались на должность декана. Можете поделиться в общих чертах о времени работы деканом и заведующим кафедрой?

– За годы работы в очень сложное переходное время периода перестройки и распада СССР деканом факультета в 1987-1992 гг. было сделано многое по совершенствованию учебно-воспитательного процесса и координации научно-исследовательской работы. Как член общесоюзных объединений в Москве, принимал активное участие в работе УМО по историческим специальностям при МГУ им. М.В.Ломоносова и Московском Историко-архивном институте. При непосредственной помощи ректоров академиков Е.Е.Ергожина и М.М.Абдильдина были открыты впервые на историческом факультете КазГУ новые специальности и специализации (политология, историко-архивоведение, музееведение). В 1989 г. по моей инициативе впервые в КазГУ был открыт единственный тогда во всем регионе Средней Азии и Казахстана Ученый совет по защите кандидатских диссертаций по всеобщей истории. Здесь проходила защита работ аспирантов и соискателей и из соседних союзных республик. Контингент студентов исторического факультета по дневной и заочной формам обучения составлял в те годы около 1600 чел. Истфак занимал ведущие позиции по многим показателям в университете. Много было сделано и в период моего второго деканства в начале 2000-х гг. по подготовке кадров по новым междисциплинарным специальностям, отвечающим требованиям времени. Была открыта специализация «историография и источниковедение», увеличен набор магис-

трантов, аспирантов и стажеров, а также прием в докторантуру. И что было весьма важно, факультет установил научные и коллегиальные контакты с рядом университетов и организаций Германии, Турции, Австрии, Франции, Дании, Швейцарии, Китая, США, Польши, Канады, Японии, Ирана и ряда других стран дальнего и ближнего зарубежья. Моими усилиями в КазНУ создана казахстанская научная школа по всемирной истории. Под моим руководством подготовлены и успешно защищены: 3 докторские, 16 кандидатских диссертаций, 7 докторские диссертации (PhD).

– Вы говорите о всемирной истории. Скажите, пожалуйста, где Вы за рубежом бывали и чем занимались в научном и профессиональном плане?

– По приглашению университетов Германии, Италии, Франции, Дании, США и Монголии я выступал с лекциями и докладами на иностранных языках по проблематике «Запад и Восток в мировой истории», «Центральная Азия: прошлое и настоящее», «Казахстан сегодня», включая историю гуннов, тюркского мира, Центральной Азии, Евразии и Казахстана. В лекциях по Всемирной истории у нас или за рубежом я подчеркиваю всегда, что в те или иные исторические периоды университеты, как центры образования и науки в то же время не оставались в стороне от происходящих событий. В Ватикане, в книгохранилищах и фондах Ватиканской Апостольской библиотеки мною проделана значительная научно-поисковая работа. Так, выявлены новые источники, материалы по истории Гуннской империи, Аварского и Тюркского каганатов, а также государственных образований на территории Казахстана эпохи средних веков. Большая часть этих источников представлена исклю-

чительно на латинском языке. Здесь впервые обнаружено изображение Атиллы. Оно не встречалось до сих пор в изданиях по истории Гуннской империи, Рима и Ватикана.

В одном из интервью Председатель Правления – Ректор КазНУ им. Аль-Фараби Ж.К.Туймебаев отметил, что в научно-образовательной сфере Казахстана прилагает усилия для совершенствования всей системы высшего образования и научных исследований. В стране созданы инновационные центры и научные парки, проводятся международные конференции и форумы. Казахстан ставит перед собой задачу стать региональным центром научно-технического развития. Это прежде всего относится к КазНУ им. Аль-Фараби, занимающий по праву особое место среди университетов и научных центров не только Казахстана, но и ЦА и Евразии. Наш университет в начале 2024 г. отмечает свой славный юбилей – 90 летие со дня основания. Он успешно развивается как исследовательский университет в современном понимании этого слова и массированно развивает фундаментальные изыскания. Остановившись на роли науки в Новом Казахстане, ректор КазНУ им. Аль-Фараби Ж.К.Туймебаев особенно отметил роль ученых социально-гуманитарного направления. «Сегодня исследовательские центры КазНУ имени Аль-Фараби, – подчеркнул он, – активно включившись в реализацию реформ, вносят вклад в дальнейшее укрепление независимости, обеспечение межконфессионального и межэтнического согласия».

Анализ и введение в научный оборот новых источников и литературы, сыграет значительную роль в осуществлении научной и учебной деятельности особенно при подготовке конкурентоспособных историков, востоковедов, политологов, лингвистов нового поколения в рамках бакалавриата, магистратуры и докторантуры в Республике Казахстан.

– Калкаман Турсунович, какие пожелания будут нашей университетской газете, которая отмечает в этом году 75-летие?

– Пользуясь случаем, искренне поздравляю многотысячный коллектив профессоров и преподавателей, студентов и всех обучающихся со славной датой КазНУ им. Аль-Фараби. С 90-летним юбилеем, Alma Mater!

Хочется поздравить и коллектив «Qazaq universiteti» с 75-летием. Газета играет важную роль в освещении многогранной деятельности университета, его истории и перспектив развития, особенно с момента получения республиканского статуса. Дальнейших плодотворных успехов вам в вашем благородном деле!

– Спасибо за интервью и искренние пожелания!

Беседовал
Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Филология ғылымының докторы, профессор Шәймерденова Нұрсұлу Жамалбекқызы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының директоры, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті қазақстандық филиалы филология кафедрасының профессоры, Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сараптамалық кеңесінің мүшесі, Қазақстандық орыс тілі және әдебиеті пәні оқытушылары қазақстандық ассоциациясының мүшесі.

Ғылым мен ғалым – шам мен от сияқты дүние... Ғылым адамзаттың айналасында болып жатқан дүниелерді түсінуіне кедергі келтіретін, шынайы ақиқатты тануға бөгет тудыратын сауатсыздық пердесін жояды. Ол әрекеттің иесі – ғалым. Бұл туралы Жүсіп Баласағұн «Көңіл – терең теңіз, ғылым – тереңінде жатқан інжу-маржан» деп, білім мен ғылымның бағасын барынша айшықтап жеткізуге тырысады, ғылымға бойлау үшін көңіл тұнықтығы керек екенін түсіндіреді. Ең нашар дос – надандық, ең нашар дос – ғылым. Шынайы ғалыммен қаруланған жандар соғұрлым биязы, мейірімді болып келеді. Өйткені ғылым биязылықпен ұштасса, түпсіз тұңғыыққа бойлайтыны анық. Асылында, осындай таза ғалымдық болмыспен, биязы үнмен, көркем мінезбен өзгерлерден оқ бойы озық тұратын ғалым – Нұрсұлу Жамалбекқызын алдағы мерейтойымен құттықтаймыз!

Ғылымға деген құштарлықты, ізденіске деген іңкәрлікті шәкірттері мен артынан ерген ғалым-зерттеушілерге әдебиетмен, амалымен, өнегелі өмірімен үнсіз ғана үйретіп жүрген үлкен әріптесіміз туралы көп дүние айтуға болады.

Ғалым ұстаз 1958 жылы 16 желтоқсанда бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысындағы өте беделді, танымал мемле-

Дәуір және тұлға

кеттік қайраткер отбасында дүниеге келді. Нұрсұлу Шәймерденованың әңгімесін тыңдай отырып, өзінің туған күнінің 16 желтоқсанда болуын кездейсоқ емес, белгілі бір энергетикалық өрістегі символдық белгі деп қарайтынына көз жеткіземіз. Әкесі Жамалбек Шәймерденов – Қазақстанға барынша еңбегін өткізген ірі мемлекеттік қайраткер еді. Анасы тарих және қазақ тілінен дәріс берді. Осындай зиялы ата-ананың тәрбиесін көрген Нұрсұлу Жамалбекқызы жастайынан алдына үлкен мақсат қойып, талапшыл болып бойжетті. Кейіннен әдеттегідей университет қабырғасы, аспирантура, диссертация жазу, қорғау сияқты шыңдалу мектептерінің сынынан сүрінбей өтті.

Нұрсұлу Шәймерденова 1989 жылы Мәскеуде Светлана Капралованың ғылыми жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады. Диссертацияның ғылыми кеңесшісі ретінде жұмыстың жоғары деңгейде орындалуына себепші болған белгілі түркітанушы Игорь Добродомов тағайындалады.

Ал 1998 жылы профессор Элеонора Сүлейменованың жетекшілігімен докторлық диссертациясын қорғап шығады.

Бүгінде ғалым 65 жылдық мерейтойын атап өткелі жатыр. Нұрсұлу Жамалбекқызы ғылыми-педагогикалық еңбек өтілінің 40 жылын ғылым мен білімге, ағартушылық саласына жұмсағанын ерекше мақтанышпен сөз етеді.

Профессор жас буынды тәрбиелеу ісіндегі, тіл саясатын насихаттау және дамыту, тілдерді меңгерту бағытындағы елеулі еңбектері мен өзіндік қолтаңбасы үшін әр кезеңдердегі мемлекеттік наградалармен, құрмет қағаздарымен, мемлекеттік ғылыми стипендиялармен және гранттармен марапатталды. Нұрсұлу Шәймерденова ҚР білім беру саласының құрметті қызметкері, Мәдениет са-



ласының үздігі, Қазақстандық Ресей (кеңес) жоғары оқу орындары түлектері қауымдастығының құрметті президенті де болды.

Қазақстандық білім беру жүйесінің Ресей мемлекетімен достық қарым-қатынасының жақсаруына барынша ықпал етті, соның ішінде Қазақстанның әлемдік русистика, жалпы лингвистика, әлеуметтік лингвистика кеңестігіндегі сәтті диалогтардың көш басында тұрды. Республикалық көптеген игі бастамалардың негізін салушы идеялық жетекші болды. «Императивы государственной этнонациональной политики Республики Казахстан» (2012), «Этнополитический словарь. Термины и понятия казахстанской политики и практики в сфере общественного согласия и межнациональной толерантности» атты екі ірі топтық еңбектің авторы ретінде, сондай-ақ «Эпоха и личность – Дәуір және тұлға» деп аталатын мықты жобасы үшін халықтар ассамблеясының жоғары бағасына ие болды.

Нұрсұлу Жамалбекқызы – филология ғылымының докторы, профессор. Ол русистика, тарихи лексикология және лексикография, түркіславян тілдік өзара қарым-қатынастары, орыс тілін екінші тіл ретінде меңгерту, әлеуметтік лингвистика, риторика туралы 400-ден астам теориялық жұмыстар мен прак-

тикалық әзірлемелердің авторы. Қазақ, орыс, ұйғыр мектептеріне арналған орыс тілі оқулығының, 10-нан аса монографияның, оқу құралдарының авторы. Ғалымның жетекшілігімен ондаған ғылым докторы, 30-ға жуық ғылым кандидаты әзірленген.

«Адам болмысындағы барлық дүние әдемі болуы керек: жүзі де, киген киімі де, жаны да, ойлары да» деген Чехов сөзі Нұрсұлу ханымға бағытталып айтылғандай болып тұрады. Мінсіз ұқыптылық, жинақы киім, әдемі талғам, тың әрі епті қозғалыс, жұмсақ дауыс, үлкенге де, кішіге де тең бөлінген ерекше ізеттілік – нағыз зиялылық пен зияткерліктің биік үлгісіндей. Дәріс оқыған аудиториядан, баяндама оқыған конференция залынан Нұрсұлу Жамалбекқызын тыңдау жоғары этикет пен мәдениеттіліктің биік үлгісін көрумен пара-пар. Өзінің сан-салалы қызметінде – ағартушылық, ғылыми, ұйымдастырушылық, басшылық – қайда болсын халқын шын сүйген перзенті ретінде көне алтайлық тегімізге бағытталған іс-шаралар ұйымдастырып, ғылыми конференциялардың жұмысын жандандырудан, жетілдіруден айныған емес.

Нұрсұлу Жамалбекқызы орыс филологиясы саласындағы ойшылдардың мұрасын зерделей жүріп, өзі де оларға тән энциклопедизмді бойына сіңірді. Ол тек қазақстандық кеңістік үшін ғана емес, халықаралық деңгейдегі ірі ғалымдармен бой таластыратын белгілі лингвист. Ғалымның авторлығымен басылып шыққан монографиялар, оқу құралдары, сөздіктер тіл мамандары тарапынан да, жалпы ғылымсүйер қалың бұқара үшін де жиі сұранысқа ие болатын құнды дүниелер.

Автордың ғылыми-педагогикалық шығармашылығынан бөлек тұратын және бір халықтық туындылары – ол балаларға арналған ертегілер әлемі. Нұрсұлу Жамалбекқы-

зының қаламынан шыққан әрбір ертегіні оқып отырып, адамгершілік пен ізгілікті дәріптеу, надандықпен күрес, отбасылық құндылықтарды насихаттау, жаратылысты сүю, патриоттық отансүйгіштік қасиеттерді бойға дарыту сияқты аса өзекті мәселелермен бетпе-бет келеміз. Тілі жұмсақ, түсінуге оңай, талдауға жеңіл, солай бола тұра, астарлы ойы терең болып келетін ертегі-әпсаналар бала санасына оң өзгерістер өкелетінін мойындауымыз керек. Ертегі кейіпкерлері Глосик пен ғажайып құс Фламинго, кішкентай ғана Гүлдер ханшайымы және тағы басқа толып жатқан қаһармандар бала түгіл, ересек кісілердің өзін баурап, таңғажайып сезімге жетелейді.

Профессордың ұлан-ғайыр ғылыми еңбектері мен қоғам өміріндегі қайраткерлік қызметі әр кезеңдерде тиісті бағасын алып, зор қошеметке ие. Ғалымның биік идеялары мен жемісті кәсіби және қоғамдық қызметі тек өз елінде ғана емес, сондай-ақ шетелдерде де әлемдік ғылыми ортадан құрметті орын алуын қамтамасыз етті. Отандық ғалымның еңбегі Ресей Федерациясының мемлекеттік наградасы – Пушкин медалімен, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Г.Х.Андерсен атындағы сыйлығымен атап өтілуі ғылыми ортадағы беделінің одан сайын асқақтата түскенін дәлелдейді. Аталған марапат қазақстандық ғалымға әлемдік славистика ғылымына, тілаларлық байлауыстар, тілдер мен мәдениеттердің өзара ұнқатысуына қосқан үлесі үшін беріліп отыр.

Біздің болашағымыздың беталысын белгілі бір деңгейде ғылым айқындайды. Ғылымсыз алға жылжу тіпті де мүмкін емес. Мықты ғылым болмаса, әлемнің адамға берері де жоқ. Ал мықты ғылымды Нұрсұлу Жамалбекқызы сияқты мықты ғалымдар жасайды.

Раушан АВАКОВА,
Түркітану және тіл теориясы кафедрасының меңгерушісі, профессор

Жанар АКМИШЕВА,
доцент м.а.

Механика-математика факультетінде педагогикалық практика барысында 1-курс докторанттары А.Абекова, Ж.Айтуғанова, Б.Меркібаевалардың ұйымдастыруымен тұрақты даму мақсаттары аясында «Біз темекіге қарсымыз» атты тәрбие сағаты өтті.

Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) – 2015 жылы БҰҰ Бас ассамблеясы «барлық адамзат үшін жарқын да орнықты болашаққа қол жеткізудің жоспары» ретінде әзірлеген, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және планетамызды

Тәрбие сағаты тартымды өтті

қорғауға бағытталған өзара байланысты мақсаттардың жиынтығы.

Біз білетіндей, бұл даму бағдарламасында кедейлікті жою, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту, климаттың өзгеруімен күресу және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бірқатар мәселелерді шешуге бағытталған тұрақты дамуға жетудің 17 мақсаты (169 міндеті) көзделген. Сол мақсаттардың бірі (3-мақсат) – халықтың денсаулығы мен әл-ауқатының жақсаруына қол жеткізу.

Механика кафедрасының студенттері де бұл мақсатқа жету жолында өз үлестерін қосып, «Біз темекіге қарсымыз» атты тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатына Механика кафедрасының профессорлары, оқытушылар, арнайы шақырылған қонақтар мен студенттер қатысты.

Тәрбие сағаты барысында темекіні адам ағзасына қоршаған ортаға, өндіріске, жалпы адамзаттың дамуына келтіретін зияны жайлы презентациялар көрсетіліп, пікір-сайыс ұйымдастырылды. Университет студенттері арасында аталған тақырыпқа қатысты, докторанттар-

дың дайындаған сұрақтары бойынша Google формада сауалнама жүргізіліп, нәтижелері талқыланды. Сонымен қатар студенттер арасында тақырыпқа сай түсірілген қысқа видеороликтер (вайн) байқауы ұйымдастырылды. Темекінің зиян екенін бір минуттық видеороликке сыйғыза білу оңай болмаса да, студенттер белсенділік танытты. Нәтижесінде механика мамандығының 1-курс студенттері Ақерке Силанбекқызы, Сұлтан Заңғар, Шынарбек Оспанқұл түсірген ваин үздік деп танылып, оларға арнайы сыйлықтар табысталды.

Шақырылған қонақтар атынан жауынгерлік самбодан спорт шебері Омархан Шыңғыс өз кезегінде темекінің зияны туралы пікірін білдіріп, студенттерге салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылдануға кеңес берді. Тәрбие сағатының соңында «Темекінің зиянды екенін біліп қана қоймай, сонымен қатар салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау маңызды» деген қорытынды жасалды. Тәрбие сағаты әрі қызықты, әрі тартымды өтті.

Динара ТУРАЛИНА,
ф.-м.ғ.к, аға оқытушы



Темірбек Жүргенов мұрасы насихатталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде осы оқу орнының негізін салушылардың бірі – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған «Т.Жүргеновтің рухани мұрасы және білім беру саласының тұрақты даму мақсаттары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.



Университеттің басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор, э.ғ.д., доцент Ж.Айтжанова жиынды ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Конференцияны әрі қарай журналистика факультетінің деканы, филол.ғ.к., доцент, белгілі ақын Т. Көпбаев жүргізіп, ҚР ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбектің және Алматы қаласы әкімі Е.Досаевтың құттықтау хатын оқыды. Аталған жиынға Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қордың төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы С. Аңсат, «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы төрағасының орынбасары, «Комиссар Жүргенов» романының авторы, тарих ғ.к. Б.Койшыбаев, Б.Бейшеналиева атындағы Қырғыз мемлекеттік мәдениет және өнер университетінің ректоры, филол.ғ.к., доцент Т. Колдошов, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Театр өнері бөлімінің меңгерушісі, өнертану ғ.к. А. Мұқан қатысып, нарком Т.Жүргеновтің Қазақстан мен Орта Азия республикаларында атқарған қызметі, отандық мәдениет пен әдебиетте алар орны туралы жан-жақты баяндады. Ал жүргеновтанушы-ғалым, филол.ғ.к., Қазақстан журналистер одағының мүшесі Б.Иманғалиев «Темірбек Қараұлының әдеби-публицистикалық мұрасы» тақы-

рыбында баяндама оқып, қаламгер Жүргеновтің жазған шығармаларына мазмұнды талдау жасады. Конференция түстен кейін «Гуманитарлық ғылымдар бағытында жаңаша білім берудің мәселелері» тақырыбында панельдік секциямен жалғасты. Оған ҚазҰУ ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының меңгерушісі, филол.ғ.д., профессор Н.Шыңғысова төрағалық етіп, секцияны жүргізіп отырды. Басқосуға Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ журналистика кафедрасының меңгерушісі, филол.ғ.к., доцент Ж.Рамазанова, ресейлік ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор А.Пронин, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті, пед.ғ.к. А. Садықова, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің доценті, тарих.ғ.к. А.Өтеғалиева, ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің доценті, пед.ғ.к. А. Дүйсенбаев, ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының аға оқытушылары Б.Әшірбаев, Ж.Керімбек т.б. ғалымдар қатысып, ой-пікірлерін ортаға салды.

Бауыржан ИМАНҒАЛИЕВ,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының доценті

Ғасырлар бойы аңсаған ұлы күн

Тәуелсіздік – біздің ұрпақтың бағына бұйырған үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің VII сессиясында Парламент депутаттары «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңын қабылдады. Дәл осы күні әлем картасында жаңа, жас Қазақстан Республикасы пайда болды. Қазақ елі ғасырлар бойы ата-бабаларымыз арман еткен тәуелсіздікке қол жеткізді. Тәуелсіздік мерекесін 16 желтоқсанда қалың ел болып атап өтеміз.

Жас тәуелсіз Қазақ елінің тарихы Еуразияның ұлы көшпелі өркениетінің үш мыңжылдық тарихының ажырамас бөлігі саналады. Бүгінгі біздің тәуелсіздігіміздің қайнар көзі – қазақ халқының сан ғасырлар бойғы күресінде, азаттыққа ұмтылған қайсарлығында жатыр. Ғасырлар бойы Қазақ елінің тәуелсіздігі мен бүгінгідей жарқын болашағы үшін ата-бабаларымыз күресіп келді. Тарих беттерін парақтап қарап, өткен ғасырлардағы бостандыққа ұмтылған ерлікке толы тарихымызға шолу жасақ, 1466 жылы Керей мен Жәнібек бастаған алғашқы Қазақ хандығы құрылды. Еділ мен Ертістің арасындағы далалық алқапта көшпелі империялардың ұрпақтары қазақ деген біртұтас халыққа бірікті. Қазақ хандығының құрылуы дербес елдікке ұмтылудың алғашқы бастамасы болды.

Ел болып іргесі қалана бастаған кезден-ақ сыртқы жаулармен үздіксіз соғыстар жүргізуге тура келді. Сонау жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен батырларымыз, Ресей империясының отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілісін басқарған тарихи тұлғаларымыз тәуелсіздік жолында күрес жүргізді. Алайда қазақ жерінің Ресей империясы құрамына енуі көшпелі мемлекеттің тәуелсіздігіне тұсау салды. Ал одан кейін билік басына келген қызыл империяның саясатына қарсы тұрған Алаш зиялыларының тәуелсіз ел болу жолында жүргізген демократиялық бағыттағы идеялары сәтсіздікке ұшырады. Алайда сан ғасырлық тарихы бар Ұлы даланың көшпелілер империясының ұрпағы – қазақ халқы өзінің тілі мен ділін, салт-дәстүрін сақтай отырып, қайта жаңғырды. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды. 1986 жылғы Желтоқсанныңызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында, яғни 37 жыл бұрын қазақ халқының тәуелсіз ел болып қалыптасуына жол ашқан тарихи оқиға болды. Сөйтіп, 1991 жылы 16 желтоқсан республиканың тәуелсіз күні ретінде бүкіл әлемге танылды. Бұл қазақ тарихындағы ғасырлар бойы аңсаған арманның орындалған күні болды. Патшалық Ресей империясының екі ғасырдай отары болған, кеңестік биліктің жетпіс жылдан астам қысымын көрген Қазақ елі үшін бұл күн ерекше мерекеге айналды.

Қазақстан 1991 жылы 21 желтоқсанда ТМД-ға қосылғанын мәлімдеп, Алматы декларациясына қол қойды. Мемлекеттің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 1992 жыл-

ғы қаңтарда еліміздің ішкі істер әскері құрылды.

Қазақстанның тәуелсіздігін ресми түрде алғаш 1991 жылы 26 желтоқсанда АҚШ мойындады, одан кейін Қытай, Ұлыбритания, Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея, Иран Ислам Республикасы және т.б. мемлекеттер мойындады. Түркия алғаш болып Қазақстанда өз елшілігін ашты. Тәуелсіз мемлекетке айналу, қазақ халқына үлкен серпіліс, күш берді, республикамыздың өз еркімен алға ұмтылуға, мемлекет болып өркендеуге дара жол ашылды.

Сан түрлі қиыншылыққа қарамастан, республика тәуелсіздікке қол жеткізе салысымен қазақ халқының басына үлкен ауыртпашылық әкелген Семей полигонын жапты, Арал теңізі мәселесін шешуді жолға қойды, қазақ тілі қайта жаңғырды, тарихи мұраларымыз бен мәдениетімізді терең зерттеу қолға алынды, табиғи байлығымызды өз иелігімізге қайтара алдық.

Қазақстан 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ-ның толық құқылы мүшесі атанды. БҰҰ-ның 46-сессиясының шешімімен ұйымның 168-ші мүшесі елі болып тіркелді. 1992 жылғы 4 маусымда Жоғарғы Кеңестің сессиясы республиканың жаңа Мемлекеттік Туы мен Елтаңбаны бекітті. Сол жылы 11 желтоқсанда Мемлекеттік Әнұранның мәтіні бекітілді (2006 жылы 7 қаңтарда «Мемлекеттік рәміздер туралы» жарлыққа толықтырулар мен өзгерістер енгізілді). Сонымен қатар Халықаралық валюта қорына, Халықаралық реконструкция және даму банкіне, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму ассоциациясының, Инвестицияға кепілдік беретін көпжақты агенттіктің, Инвестициялық таластарды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болды. Дүниежүзі қазақтарының басын біріктіру мақсатында Қазақстанда 1992-2017 жылдар аралығында шақырылған бес құрылтайдың тарихи маңызы ерекше. Бұл басқосу қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанының белгісі болды.

Ұлттық валюта – теңге 1993 жылы 15 қарашада айналымға енді. Қай елдің болсын валютасы сол елдің заманауи саяси-экономикалық жағдайын және жаһандық дәрежесін сипаттайды. Жаңа тәуелсіз Қазақстан Республикасы халықтың жаңа тиімді тұрмысын қалыптастыру жолындағы күрделі экономикалық реформаларды сәтті жүзеге асыра алды.

Семей ядролық полигонының жабылуы Қазақстан тарихында ғана емес, тұтас адам-

зат тарихында маңызды орын алды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы Қазақстанның бірінші президентінің ядролық қарудан бас тарту жөніндегі ұсынысын мақұлдап, 29 тамызды Халықаралық ядролық қару-жараққа қарсы күрес күні деп жариялады. Қазақстан әлемдегі ауқымы жөнінен төртінші ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартты. Сондай-ақ Қазақстан ТМД-да алғашқылардың бірі болып ядролық қаруды таратпау туралы шартқа және ядролық сынақтарға тыйым салу туралы шартқа қосылды. Ал 1994 жылы ядролық қаруды Қазақстан аймағынан мүлдем жоюға келісті. Қазақ елі, осылайша, егемендігінің алғашқы жылдарынан-ақ аймақтағы және әлемдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге аса ықыласты екенін айқын әрі нақты ісімен білдірді. 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Ассамблея құрылуының негізгі мақсаты қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты нығайту болды.

Қазақстан халқының ерік-жігері осындай аса маңызды міндеттерді жүзеге асыруға бағытталды. Шетелдермен бейбіт қарым-қатынас орнатқан, абыройы асқақ, оңы мен солын ажырататын елге айналды. Мәселен, табысты жүргізілген сыртқы саясаттағы жетістіктердің арқасында Қазақ елі БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ, ИКҰ және т.б. беделді халықаралық ұйымдардың мүшесіне айналып қана қоймай, мемлекетаралық қарым-қатынастарда да еліміздің мәртебесін көтеретін саяси оқиғалар мен тарихи кезеңдерге де бастамашы болды. Астана қаласында 2010 жылы 1-2 желтоқсан күндері ҚР төрағалығымен ЕҚЫҰ-ның 56 мемлекетінің басшылары елордамызда бас қосып, бірауыздан Астана доктринасын қабылдады. Қазақстанда 2011 жылы алғаш рет қысқы Азия ойындары өтті. Қазақстанның намысын қорғаған спортшылар 70 медаль иеленді. Қазақ елінде 2017 жылы 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында Астана қаласында өткен ЕХРО-2017 көрмесін тамашалауға төрткіл дүниеден 3 миллион адам келді. Ал көрмені өткізуге 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым қатысты. Осындай және тағы басқадай тарихи оқиғалар еліміздің халықаралық деңгейдегі үлкен беделінің нәтижесі.

Тәуелсіздігіміздің 33-ші жылына аяқ басқалы тұрған Қазақ елінде ауыз толтырып айтарлықтай іс тындырылып, олардың бірқатары жүзеге асты.

«Бағалай білмегенге бақ тұрмайды, қадірлей білмегенге құт қонбайды» деген халқымызда сөз бар. Сондықтан тәуелсіздік – еліміздің баға жетпес байлығы. Тәуелсіздік – Тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы, ел еркіндігі. Ел тәуелсіздігін бағалап, қадірлеп, ұрпақтан-ұрпаққа абыройын асқақтатып аманат ету – біздің парызымыз.

Гүлнар ҚОЗҒАМБАЕВА,
т.ғ.к., профессор

Парызға адал жан еді...


Заң ғылымының докторы, профессор Гүлнара Усеинова арамызда болса 57 жасқа толар еді. Осындай қысқа ғұмырында Гүлнара Рақымжанқызының ұстаз, заңгер-ғалым ретінде де, басшы ретінде де атқарған қызметі мен жасаған еңбегі өте көп және атқарары да көп, қаншама жүзеге аспай қалған жоспарлары мен идеялары да жетерлік еді...

Бұлай дейтін себебім, 2011 жылы заң факультетінде екі іргелі – Мемлекет және құқық теориясы кафедрасы мен Конституциялық және әкімшілік құқық кафедралары біріктіріліп, жаңа құрылымның меңгерушісі болған Гүлнара Рақымжанқызымен оқу-әдістемелік және тәрбие бойынша орынбасары ретінде мен тағайындалғаннан бастап иық тіресіп, бірге он жылдың жүзіндей жұмыс істедік. Университетімізде бұрын бейтаныс индикативтік жоспар, рейтинг ұжымдары пайда болып, жүзеге аса бастады. Кез келген өзгерістер жеке адамға да, ұжымға да белгілі бір үрей, белгісіздік ұялататыны сөзсіз. Дәл осы сәттерде Гүлнара Рақымжанқызы әріптестердің сенімін оятып, бағыт-бағдар көрсете білген жетекші ретінде танылды және ой-пікірін жүзеге асыруда үнемі әріптестермен ақылдаса отырып, бірлесіп жоғары белестерге жетті.

2017 жылы ҚазҰУ-да Алматы қаласы бойынша ҚР Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің әлеуметтік тапсырысы бойынша «Азаматтық бақылау» қоғамдық қабылдау жобасы жұмысын бастады. Осы жоба басшы-

лық тарапынан толығымен біздің кафедра ұжымына жүктелді. Сондай-ақ Гүлнара Рақымжанқызы «Sanaly ugraq», «Адалдық алаңы», «Адал көмек» республикалық жобаларының кеңесшісі болды. Гүлнара Рақымжанқызының басшылығымен үлкен және ауқымды жұмыстар жүргізілді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен сананы қалыптастыру: теориялық және тәжірибелік мәселелері» атты қазақ, орыс тілдерінде ұжымдық монография, электрондық оқулық, анимациялық фильм түрінде оқу көрнекі құралы, сыбайлас жемқорлық тәуекел картасы жасалып, көптеген ғылыми мақалалар жарық көрді. Заң факультетінде профессордың бастамасымен «Жемқорлыққа қарсы технологиялар» ҒЗИ, Парасаттылық орталығы ашылып, жұмысы осы күнде жүріп жатыр. Міне, осылайша ол кісі жаңа, әділетті Қазақстанның құрылуына, қоғамда, әсіресе ескелең ұрпақ арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мәдениеттің қалыптасуына үлес қосқан азаматтардың бірі.

Гүлнара Рақымжанқызының ғылыми жолы ҚР ҰҒА академигі С.Сартаевтың ғылыми жетекшілігімен қазақ-



тың көрнекі ғалым қайраткерлері Ш.Уәлиханов пен Ә.Бөкейхановтың мемлекеттік-құқықтық көзқарасына арналғаны тегін емес шығар деп ойлаймын. Себебі қазақтың ардақты азаматтарының саяси-құқықтық ойларын зерттей отырып, өзінің тұлға ретінде қалыптасуына әсерінің болғаны сөзсіз.

Нәзік жанды, парасатты әйел, отбасы және ұжымының ұйытқысы болған Гүлнара Рақымжанқызы аққан жұлдыздай бір сәтте жарқ етіп, мезгілсіз өмірден озды. Үлкен мектептен өткізген, ұстаз-тәлімгерім санайтын қадірлі апайымның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, алды пейіш, арты кеніш болсын деймін. Жақсының аты өшпейді, жадымызда қалады...

Спатай АЛТЫНБЕКҰЛЫ,
жоғары оқу орнына
дейінгі білім беру
факультетінің деканы
м.а.,
заң ғылымының
кандидаты

Қандай мемлекеттің болсын өркендеп дамуының негізгі кепілі дамыған ғылым, білімді де білікті ұрпақ, саналы қоғам деп айтуға болады.

Тиісінше бүгінгі күннің басты міндеті – ғылымды дамытып, жас ұрпақты, атап айтқанда: мәдениетті, білікті, отансүйгіш азаматты тәрбиелеу. Бұл процесте оқытушының, ғалымның орны ерекше. Біздің кейіпкеріміз Гүлнара Усеинова терең білімділігімен көзге түскен жан ғана емес, ол ақыл-парасаты, еңбекқорлығы, ең бастысы, жоғары адами қасиетімен ерекшеленген тұлға. Ол өзінің қысқа өмір жолында атқарған қызметі, жасаған игі істері арқылы атын көрнекті заңгер ғалым ретінде, жастарға жол көрсетуші ұстаз, жанашыр ана ретінде қалдырған адам. Ғылыми және оқытушылық еңбек жолын қазақ халқының өткенімен және бүгінгі күнімен тығыз байланыстырған, мемлекеттің дамуының негізгі іргетасы – білімді әрі білікті мамандарды қалыптастырумен байланыстырған өте жауапты, еңбекқор, отансүйгіш жан еді.

Гүлнара Рақымжанқызы Қазақстанның заң ғылымының дамуына, біртұтас Қазақстан халқының бойында заңға деген құрметтеушілік сезімін қалыптастыру, білімді әрі отансүйгіш жас буынды тәрбиелеу ісіне аса жауаптылықпен қарап, мұндай күрделі іске аянбай белсенді қатысуды алдыңғы кезекке қойған, тіптен оны міндеттерінің біріне айналдырған зор тұлға. Ол өмірінің соңына дейін осы міндеттерді орындауға үлкен жауапкершілікпен қара-

ды. Білікті заңгерлерді тәрбиелеп шығаруға, өресі терең ғалымдарды дайындауға өз үлесін қосу міндетіне адал қараған біртуар жан еді. Өз ұжымында ерекше қабілеттігімен, зор жауаптылығымен, кафедра көшбасшысына тән қасиет сабырлы да салмақтылығымен, дарынды жетекшілігімен, ұшқыр ойымен дараланды.

Кафедраға жетекшілік еткен жылдарда қарамағындағы әріптестерімен қатынаста ешқашан адамгершіліктен аттап өткен емес. Әр кезде кафедра мүшелеріне түсіністікпен қарап, оларға дәрежесі жоғары адам ретінде емес, өзінен жасы үлкеніне құрмет көрсеткен, ал жасы кішісіне ақылшы, қамқор ұстаз, сүйеніш бола білген адамгершілігі жоғары азамат болды.

Адамның өмірдегі орнын жинаған дүниесіне емес, оның жарқын болашақ үшін еңбегіне, адами қасиеттеріне, қиындыққа қарсы төтеп беру жігеріне, табандылығына қарап бағалап жатамыз. Гүлнара Усеинова өзінің қысқа өмірін білімді, білікті жастарды қалыптастыру арқылы жалпы мемлекетке және ғылымға қызмет етуге арнады. Оның ғылыми, оқытушылық, жетекшілік қызметі жастарымызға үлгі болады деп сенеміз.

Әйгерім ЖАРБОЛОВА,
заң ғылымының
кандидаты,
аға оқытушы

Заманауи білім беру жаңы талқыланды

Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы ресейлік К.Д.Ушинский атындағы Ярославль мемлекеттік университеті ғалымдарының қатысуымен «Цифрлық білім беру технологиялары оқу процесін ұйымдастырудың кешенді құралы ретінде» атты халықаралық ғылыми-практикалық вебинар өткізді. Ғылыми семинардың мақсаты – ауқымды және әділетті сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлығы үшін бүкіл өмір бойы оқу мүмкіндігін көтермелеу.

Вебинарда білім берудегі жаһандық тенденцияларға қатысты өзекті мәселелер және цифрландырудың сапасына әсері талқыланды. Спикерлер оқытудың инновациялық әдістері мен олардың білім беруді цифрландыруға әсері туралы өз көзқарастарымен бөлісті. Мәселен, К.Д.Ушинский университеті Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор Е.В.Карпова және кафедра доценті, п.ғ.к.

А.В.Невзорова бакалавриат деңгейінде цифрлық ресурстарды пайдаланудың нақты тәжірибесін оның тиімділігін бағалай отырып, кафедра доценті, п.ғ.к. О.А.Беляева магистранттарды оқытуда қашықтықтық форматта жобалау тапсырмаларын орындау туралы баяндады.

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., доцент Н.Алғожаеваның



баяндамасында жаһандану және цифрландыру жағдайында білім беру үдерісі сапасының проблемалары мен келешегі қамтылды. Мұнда білім сапасына жаңа технологиялардың әсері және осы тұрғыдағы жаһандық тәсілдердің өзектілігі баса айтылды. Кафедра профес-

соры, п.ғ.д. Ш.Таубаева білім беруді цифрландыру үдерісінің негізгі факторы ретінде дидактикадағы инновацияның рөлін қарастырып, оқытудың инновациялық әдістері мен олардың оқу-тәрбие үдерісіне әсері туралы өз көзқарасымен бөлісті. Барлық баяндамаларда заманауи білім берудің

маңызды аспектілері бойынша жаһандық өзгерістер жағдайында білім сапасын қамтамасыз ету, табысты цифрландыру үшін білім беру тәжірибесіне инновацияларды енгізу және т.б. маңызды көзқарастар берілген.

Халықаралық ғылыми-практикалық вебинар қатысушыларға заманауи білім беру технологияларының негізгі аспектілерін талқылау үшін қызықты алаң болып, баяндамалар білім берудің әртүрлі салаларындағы цифрландырудың өзекті мәселелері мен аспектілерін көрсететін түрлі тақырыптарды қамтыды.

Жанат БАҚТЫБАЕВ,
Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасының доценті,
педагогика ғылымының кандидаты



Ұлттық киім – этномәдени құндылық

Әр ұлтты ерекшелендіретін дәстүрлі құндылықтары, әр ұлттың қолтаңбасы іспетті дара әдет-ғұрпы, салт-санасы, ұлттық киімдері бар. Қазақтың ұлттық киімдері – тарихтың көзі, өткен тарихымыз бен салт-дәстүріміздің көрінісі. Жыл санап жұрт ішінде оларға деген сұраныс артқанымен, белгілі бір мейрамдарда ғана тұтынатыны бізді қынжылтады. Осыған орай, жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті басшылығының бастамасымен «Ұлттық киімді ұлықтау күні» өтті.

Іс-шараға факультет оқытушылары, шетелдік студенттер белсенді қатысты. Аталған іс-шараның мақсаты – ұлттық киімнің маңыздылығын көрсету, тарихымен таныстыру, жастар арасында насихаттау. Бұл күні шетелдік студенттерге қазақтың ұлттық киімі мен әшекейлерінің ерекшеліктері мен тарихы, олар жайлы құнды деректер де айтылды. Хакім Абай «киім кию салты арқылы адамның мінез-құлқы, қоғамдағы орны, болмысы анықталады» деген-

дей, ұлттық нақыштағы киімдерді заманға сай икемдеп, тақия мен әшекейлерді үйлестіріп тағудың мәні зор.

Қазақылықтың қаймағын бұзбай, ұлттық дәстүрімізді ұлықтау да бізге аманат. Осы орайда, Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының шетелдік тыңдаушылары мен оқытушылары ұлттық нақыштағы киімдер киіп, әшекей тағып, ұлт мұрасын ұлықтауға атсалысып жүреді.

Ұлттық киім – кез келген халық мәдениетінің ажырамас бөлшегі. Бұл жай ғана киім емес, бүтін бір ұлттың бет-бедерін айқындайтын ұлан-ғайыр тарих. Қыздарымызға көрік, ер-азаматтарға айбат, жігер беретін ұлттық киіміміз қазақ халқын бүкіл әлемге танытатын этномәдени құндылық деп білеміз.

Айгүл ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ,
жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің оқытушысы

Студенттер мұражаймен танысты

Жастар – тәуелсіз еліміздің болашағы. Оларға ұлттық тәрбие беріп, ұлтжанды азамат ретінде қалыптастыру – бүгінгі қоғамның басты міндеті.

Филология факультетінің 1-курс студенттері Алатау баурайында орналасқан Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер мұражайына барып қайтты. Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайы Қазақстанның ірі көркем мұражайы және бейнелеу өнері саласында жетекші ғылыми-зерттеу және мәдени-ағартушылық орталығы. Студенттер мұражай қорындағы шеберлердің суреттерін, орыс өнерін (иконалар), графика, зергерлік бұйымдар, тері, тігіншілік, киіз, gobelen, қазіргі сәндік-қолданбалы өнеріне бағытталған топтамалар мен мүсіндерді тамашалады.

Белгілі қолөнерші Лидия Вайнның «Моншақтар. Жанасу» атты жеке көрмесімен танысып, өнерге ғашық

жанның шығармашылығын тамашалады. Лидия Вайнның өзімен тілдесті. Шебер қолынан шыққан әшекей бұйымдар тым ерекше, көздің жауын алады. Мұражайдағы өнер туындылары мен шебердің жеке көрмесі 1-курс студенттеріне ерекше әсер етті. Жаһандану заманында ұлт болмысын, ұлттық бірегейлікті және рухани ерекшелікті сақтаудың бір жолы – өнер мұражайларына жиі саяхаттау. Ұлттық ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтау – қымбат қазына.

Жайна САТКЕНОВА,
филология факультеті деканының оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Елдар Шекербек - әлем чемпионы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің студенті Елдар Шекербек Таиландтың Пхукет аралында өткен ашық суда жүзуден әлем чемпионатында топ жарды.

OCEANMAN 2023 World Championship superfinal 30 nov – 3 des суперфиналында Елдар Шекербек 10 км-ге және 2 км-ге жүзуден TOP 5 спортшылар қатарынан көрінсе, 3x500 метрге жүзуден эстафеталық жарыста алтын медаль иеленді.

Ашық суда жүзуден әлемдік жарыстар Пхукет жағалауындағы Андаман теңізінде өтті.

Осының алдында, қараша айында Елдар Шекербек Oceanman Dubai-2023 суда жүзуден халықара-



лық жарысында да жоғары нәтижелер көрсеткен болатын.

ҚазҰУ спортшысын кезекті жеңісімен құттықтаймыз!

Семсерлесуден жүлдегер атанды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті медицина және денсаулық сақтау факультетінің 3-курс студенті Ғалымжан Нұрымов семсерлесуден ҚР кубогында жеке сынақ және командалық құрамда бірінші орын алды.

Семсерлесуден Қазақстан кубогы 2023 жылдың қараша айында Өскемен қаласында өтті. Осы жарыстан кейін Ғалымжан Нұрымов Ташкенттегі Әлем кубогына жолдама алды.

2-3 желтоқсанда өткен әлемдік жарыста ол жеке семсерлесуде 2-орын, командалық жарыста 3-орын иеленді.

Халықаралық қатынастар факультетінің 2-курс студенті Камила Мирзахметова Өскеменде өткен ҚР кубогында командалық құрамда 2-орын алды.



Самбошылар жеңіске жетті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің самбошы жастары Алматыда өткен ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Михаил Николаевич Шепетюктің 70 жас мерейтойына арналған самбо және дзюдо күрестерінен республикалық турнирге қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Әлфараби самбо күресінен 71 келі салмақ дәрежесінде 3-орын иеленді.

Республикалық еңбек сіңірген жаттықтырушысы педагогика ғылымы докторы профессор Михаил Николаевич Шепетюктің 70-жас мерейтойына арналған самбо және дзюдо күрестерінен республикалық турнир



Медицина және денсаулық сақтау факультетінің 4-курс студенті Нұрлан Бижанов самбодан 64 келі салмақ дәрежесінде 1-орын алды.

География және табиғатты пайдалану факультеті «Жерге орналастыру» мамандығының 4-курс студенті Ертас

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры **Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры **Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.